

**Педагогикалық кеңес
Хаттама №1**

Күні: 29.08.2024ж.

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқу процесінің ерекшеліктері»

Қатысушылар :

Балабақша меңгерушісі :А.Джарылкасымова

Тәрбиешілер саны : 4 адам

Пән мұғалімдері: 3

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

1.Жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстарды қорытындылау *(сауықтыру жұмысының сараптамасы)*

2.Балабақшаға жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңінің қорытындысы

3.2024-2025 оқу жылына балабақша жұмысының жылдық міндеттерін бекіту

*Жаңа 2024-2025оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хат, стандарт, үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік оқу жоспарымен таныстыру және жылдық және оқк жоспарларын бекіту.

*Күн тәртібі, ҮІӨ кестесін, тәрбиешілер мен мамандарды бекіту.(толықтыру)

Тыңдалды.

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Джарылкасымова өз сөзінде 2024жылғы жаз мезгілінде жоспарланған жазғы перспективалық сауықтыру шаралары мерзіммен сәйкес өткізілді. Барлық балалар нұсаулықтары нығайтып, салауатты өмір салтын қалыптастыра білді.

Жарыс сөз:

1.2. Топ тәрбиешісі Ирзабекова Набира өз сөзінде – барлықтарыңды жаңа оқу жылымен құттықтаймын әдіскер сөзімен келісемін жазғы сауықтыру шаралары жоспарлы түрде, басшылықтың бақылауымен уақтылы ұйымдастырылды. Шығармашылық табыс тілеймін.

Тыңдалды:

2.1 Екінші мәселе бойынша балабақша директоры А.Джарылкасымова жаңа оқу жылының жоспарымен таныстырды. Мақсат міндеттерді алға қоя отырып оқу тәрбие жұмысын жоспарлап. Баланың дамып жеке тұлға болып қалыптасуына баланың қажеттіліктерімен қамтамасыз етеміз. Сондықтан әрбір тәрбиеші тәрбиелеу мен оқытуды жаңашаландырып өткізу алған қойылған мақсаттарың болсын. Білім берудің алғашқы баспалдағы балабақшадан басталады.Әрбір жаңашыл тәрбиеші терең теориялы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шебер, балалардың жанын түсінетін тұлға болу керек.Топтардың перспективалық жоспарларын бекітіп алынған мақсаттың іске асырылуы және жаңа технологияларды енгізуді талап етті және жаңа оқу жылында тәрбиешілерге жұмыстарына табыс тіледі. 2024-2025 оқу жылына дайындық, балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлінгендігі, жаңа оқу жылына Типтік үлгілік оқу бағдарламасымен және биылғы оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хатымен таныстырды.. Білім саласын жаңарту мазмұнында өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша топтардың перспективалық жоспарлары , вариативтік жоспарлары бекітілді. Директор А.Джарылкасымова педагогтерді балабақшаның ішкі тәртібімен таныстырып, ішкі тәртіпті бекітті. Топтарға жауапты тәрбиешілерді бұйрықпен таныстырды. Бекітілген кесте бойынша шықпай, әкімшілікке ескертусіз жұмыс кестесін ауыстырып тәртіпті бұзған

адамға шара қолданатынын ескертті. Педагог этикасы мен эстетикасын сақтап жүру, аяқ киімдерін тарпылдақ кимеуді, ата-аналармен, баламен өзара дұрыс мәдениетті сөйлеп өздерін саралап, сапалы жұмыс жасауды міндеттеді.

Жарыс сөз

2.2.Тәрбиеші Ирзабекова Набира, барлық кезде бекітілген мекеменің ішкі тәртібін орындалған жөн. Ережелерді сақтасақ өзіміздің тыныштығымыз бұзылмайды, тәртіп бар жерде білім болады білесіздер.

Шешімі:

1. Бірінші мәселе бойынша топтардың жазғы сауықтыру шаралары қанағаттанарлық деп есептелсін. (жауаптылар:Д.Ирзабекова-әдіскер)

2. Топтардың 2024-2025оқу жылының перспективалық жоспарлары бекітілсін. (жауаптылар:Д.Ирзабекова-әдіскер)

3.Бекітілген ішкі тәртіп сақталсын.(жауаптылар: директор А.Джарылкасымова)

Төрайымы

Хатшы



А.Джарылкасымова

Н.Ирзабекова

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  **Джарылкасымова.А.**



Жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстарды қорытындылау
(сауықтыру жұмысының сараптамасы)

Әдіскер: Ирзабекова.Д

2024-2025жж

Мақсаты: Жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстарды талдау, нәтижесін бағалау және алдағы оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.

Сараптама

Жазғы сауықтыру кезеңі бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. Негізгі мақсат – балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, дене белсенділігін арттыру және жазғы демалысын мазмұнды ұйымдастыру болды.

Жаз мезгілінде балалардың жас ерекшеліктеріне сай таңертеңгілік жаттығулар, таза ауадағы серуендер, қимылды және спорттық ойындар, эстафеталар, су және ауа арқылы шынықтыру шаралары тұрақты өткізілді. Сонымен қатар шығармашылық жұмыстар, танымдық ойындар, экологиялық бақылаулар, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып, балалардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік жасалды.

Санитарлық-гигиеналық талаптар сақталып, қауіпсіздік ережелері күнделікті түсіндірілді. Балалардың денсаулық жағдайына бақылау жүргізіліп, дұрыс тамақтану мен жеткілікті демалыс ұйымдастырылды.

Қол жеткізілген нәтижелер

- Балалардың дене белсенділігі артты.
- Шынықтыру шаралары жүйелі жүргізілді.
- Балалардың табиғатқа деген қызығушылығы мен танымдық белсенділігі дамыды.
- Қимыл-қозғалыс дағдылары жетілді.
- Балалардың көңіл күйі мен әлеуметтік қарым-қатынасы жақсарды.
- Ата-аналармен ынтымақтастық нығайып, жазғы сауықтыру жұмыстарына қолдау көрсетілді.

Анықталған мәселелер

- Кейбір күндері ауа райының қолайсыздығына байланысты жоспарланған іс-шараларға өзгерістер енгізілді.
- Кейбір балалардың шынықтыру шараларына бейімделу деңгейі әртүрлі болды, сондықтан жеке тәсіл қолдану қажет болды.

Ұсыныстар

- Сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.
- Таза ауадағы спорттық және танымдық іс-шаралардың санын көбейту.
- Ата-аналармен денсаулықты нығайту бағытындағы жұмысты күшейту.
- Денсаулық сақтау технологияларын оқу-тәрбие процесінде кеңінен қолдану.

Қорытынды

Жазғы сауықтыру кезеңі жоспарға сәйкес тиімді ұйымдастырылды. Барлық негізгі бағыттар бойынша жұмыстар орындалып, балалардың денсаулығын нығайтуға, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға және қауіпсіз, қызықты демалысын қамтамасыз етуге қолайлы жағдай жасалды. Жалпы алғанда, жазғы сауықтыру жұмыстары өз мақсатына жетіп, оң нәтиже көрсетті.

БЕКІТЕМІН:
«Аяжан» жекеменшік балабақша
директоры  **Джарылкасымова.А**



Кеңес: «Баланың балабақшаға бейімделуі»
(педагогтерге арналған кеңес)

Әдіскер: Ирзабекова.Д

2024-2025жж

Максаты: Ата-аналарға баланың балабақшаға бейімделу кезеңінің ерекшеліктері туралы түсінік беру және оны жеңілдету жолдарын ұсыну.

Балабақшаға бейімделу дегеніміз не?

Балабақшаға бейімделу – баланың жаңа ортаға, күн тәртібіне, тәрбиешілерге және құрдастарына үйрену кезеңі. Әр баланың бейімделу уақыты әртүрлі болады. Кейбір балалар бірнеше күнде үйренсе, кейбіріне бірнеше апта немесе бір айға дейін уақыт қажет болуы мүмкін.

Бейімделу кезінде байқалатын өзгерістер

- ата-анасынан ажырағысы келмеуі;
- жылау немесе мазасыздану;
- тәбетінің төмендеуі;
- ұйқысының бұзылуы;
- тұйықталу немесе ашушаңдық;
- жаңа ортаға қызығушылықтың біртіндеп артуы.

Ата-аналарға кеңес

- Балабақша туралы тек жағымды әңгімелер айтыңыз.
- Үйде балабақшадағы күн тәртібіне жақын режимді сақтаңыз.
- Баланы өздігінен киіну, тамақтану, қол жуу сияқты қарапайым дағдыларға үйретіңіз.
- Таңертең баламен қысқа әрі жылы қоштасып, уайымыңызды білдірмеңіз.
- Баланы басқа балалармен жиі араластыруға мүмкіндік жасаңыз.
- Тәрбиешімен үнемі байланыста болып, баланың жағдайын бірге бақылаңыз.
- Баланы басқа балалармен салыстырмай, әр жетістігін мақтап, қолдау көрсетіңіз.

Тәрбиешілерге ұсыныстар

- Баланы жылы жүзбен қарсы алып, сенімді қарым-қатынас орнату.
- Әр баланың жеке ерекшелігін ескеру.
- Ойын арқылы ортаға бейімделуіне жағдай жасау.
- Ата-анамен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізу.
- Баланың жетістіктерін мадақтап, эмоционалдық қолдау көрсету.

Қорытынды

Балабақшаға бейімделу – баланың өміріндегі маңызды кезең. Ата-ана мен тәрбиешінің өзара ынтымақтастығы, мейірімді қарым-қатынасы және жүйелі қолдауы баланың жаңа ортаға тез әрі сәтті бейімделуіне көмектеседі. Бейімделу кезеңіне түсіністікпен қарап, балаға сенім мен қолдау көрсету – оның психологиялық жайлылығы мен болашақтағы табысты дамуының негізі.